

ӘОЖ 619:616, 995, 121

А. С. Бекмашева, магистрант,

Н. Т. Абекешев, ветеринария ғылымдарының кандидаты, доцент

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., ҚР

ЖӘНГІР ХАН АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАНА АГРАРЛЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ АҚЖАЙЫҚ ЕТТІ-ЖҮНДІ АСЫЛ ТҰҚЫМДЫ ҚОЙЛАРЫН ӨСІРУ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ҚОЗЫЛАРДЫҢ МОНИЕЗИОЗБЕН ЗАҚЫМДАЛУ МЕРЗІМІ

Аннотация

Мақалада Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің ақжайық етті-жүнді асыл тұқымды қойларын өсіру шаруашылығындағы қозылардың мониезиозбен зақымдалу мерзімі және жүргізілген зерттеулердің нәтижелері баяндалады.

Түйін сөздер: мониезиоз, қой, инвазия.

Қой шаруашылығының дамуына бірнеше факторлар әсер етеді, соның бірі гельминтоздар. Ағымдағы жылдағы қозының 40-80%-ы мониезиозға шалдығып, оның 30-80%-ы шығынға ұшырауы ықтимал. Дертке ұрынған төл ұзақ ауырады, өсуі тежеледі. Кейбір деректерге сүйенсек ауру қозы салмағын 10% кемітеді және одан 200 г жүн кем қырқылады [1].

Еліміздің Оңтүстік аймағында әдетте бұл мерзім сәуірдің бас кезіне тура келеді, ал орталық және солтүстік аймақтарында індеттің жұғу уақыты бұдан гөрі кейінірек. Қазақстанның оңтүстігінде, Оңтүстік-шығысында мониезиоз жыл бойы кездеседі, бірақ аурудың үдемелі кезеңі жас төлде жаз, тоқты мен ересек қойда көктем мен күз айларында өршиді [2].

Ал Солтүстік Қазақстанда қой мониезиозының жоғарғы көрсеткіші тамыз айында тіркелген. Қозыларда инвазияның жоғарғы көрсеткіші шілде айында және төменгісі қазан айында болса, тоқтыларда тамыз бен қаңтар айларында, екі жастан жоғары қойларда инвазияның маусымдылығы байқалмайды.

Орталық Қазақстанда (Бетпақ-Дала) қойлардың мониезиозбен зақымдалуы жаз мезгілінде тіркелген [2, 3].

Батыс Қазақстанда *M. expansa* қойлар мен мүйізді ірі қарада жаз және көктем мезгілінде бірдей кездеседі, қойларда қыс уақытында сирек жағдайда және жануарлардың екі түрінде де көктем айларында анықталмайды. *M. benedeni* жылдың барлық мезгілінде кездеседі, бірақ қыс айларында қойларда, ал мүйізді ірі қарада көктемде анықталады [4].

Зерттеу әдістері мен материалдары: Зерттеу жұмыстары 2014 жылдың наурыз-тамыз айлар аралығында жүргізілді. Зерттеу жұмыстары Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің ақжайық етті-жүнді асыл тұқымды қойларын өсіру шаруашылығындағы әртүрлі жастағы қойларға жүргізілді.

Зертханалық зерттеу жұмыстарын «Ветеринарлық медицина және биотехнология» факультетінің «Эпизоотология, паразитология және ВСС» зертханасында жүргіздік. Қажетті нәжіс сынамалары әдіс бойынша тік ішектен алынды.

Зерттеу нәтижелері

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің ақжайық етті-жүнді асыл тұқымды қойларын өсіру шаруашылығындағы әртүрлі жастағы қойлардың мониезиозбен зақымдалу мерзімі, динамикасы 1 кестеде көрсетілген.

1 кесте – Шаруашылықтағы әртүрлі жастағы қойлардың мониезиозбен зақымдалу мерзімі

Жануар түрі	Наурыз-сәуір				Мамыр-маусым				Шілде-тамыз			
	Зерттелген мал басы	Зақымдалғандар		ИИ, экз	Зерттелген мал басы	Зақымдалғандар		ИИ, экз	Зерттелген мал басы	Зақымдалғандар		ИИ, экз
		саны	ЭИ, %			саны	ЭИ, %			саны	ЭИ, %	
Monieziaexpansa												
Қозы (ағымдағы жылғы)	60	0	0	0	60	24	40	6,2	60	10	16,6	5,1
Бір жастан асқандар (тоқтылар)	30	5	16,6	3,7	30	10	50	5,3	30	6	20,0	2,1
Ересек қой (3-5 жас аралығындағы)	20	0	0	0	20	3	15	3,5	20	2	10	2,5
Monieziabenedeni												
Қозы (ағымдағы жылғы)	60	0	0	0	60	15	25,5	5,3	60	30	50,0	6,2
Бір жастан асқандар (тоқтылар)	30	6	20,0	2,1	30	10	33,3	4,1	30	8	26,6	3,2
Ересек қой (3-5 жас аралығындағы)	20	0	0	0	20	3	6,0	2,3	20	3	6,0	2,0

Ескерту: ИЭ–инвазия экстенсивтілігі; ИИ–инвазия интенсивтілігі

Наурыз-сәуір айлары бойынша қозылардың *M. expansa* түрімен интенсивтілігі 0 құраса, ал экстенсивтілігі 0% шамасында, ал *M. benedeni* түрімен интенсивтілігі 0, ал экстенсивтілігі 0% мөлшерінде инвазияланған. Бір жастан асқан қойларда *M. expansa* түрінде интенсивтілігі 3,7 болғанда, экстенсивтілігі 16,6 % құрайды, ал *M. benedeni* кезінде интенсивтілігі 2,1, экстенсивтілігі 20,0% шамасында. Ересек қойларда бұл көрсеткіш *M. expansa* түрінде интенсивтілігі 0, экстенсивтілігі 0% шамасында, ал *M. benedeni* түрінде интенсивтілігі 0 болғанда, экстенсивтілігі 0% құрап отыр.

Мамыр-маусым айлары бойынша қозылардың *M. expansa* түрімен интенсивтілігі 6,2 құраса, ал экстенсивтілігі 40%шамасында, ал *M. benedeni* түрімен интенсивтілігі 5,3, ал экстенсивтілігі 25,5% мөлшерінде инвазияланған. Бір жастан асқан қойларда *M. expansa* түрінде интенсивтілігі 5,3 болғанда, экстенсивтілігі 50% құрайды, ал *M. benedeni* кезінде интенсивтілігі 4,1, экстенсивтілігі 33,3% шамасында. Ересек қойларда бұл көрсеткіш *M. expansa* түрінде интенсивтілігі 3,5, экстенсивтілігі 15% шамасында, ал *M. benedeni* түрінде интенсивтілігі 2,3 болғанда, экстенсивтілігі 6,0% құрап отыр.

Шілде-тамыз айлары бойынша қозылардың *M. expansa* түрімен интенсивтілігі 5,1 құраса, ал экстенсивтілігі 16,6%шамасында, ал *M. benedeni* түрімен интенсивтілігі 6,2, ал экстенсивтілігі 50,0% мөлшерінде инвазияланған. Бір жастан асқан қойларда *M. expansa* түрінде интенсивтілігі 2,1 болғанда, экстенсивтілігі 20,0 % құрайды, ал *M. benedeni* кезінде интенсивтілігі 3,2, экстенсивтілігі 26,6% шамасында. Ересек қойларда бұл көрсеткіш *M. expansa* түрінде интенсивтілігі 2,5, экстенсивтілігі 10% шамасында, ал *M. benedeni* түрінде интенсивтілігі 2,0 болғанда, экстенсивтілігі 6,0% құрап отыр.

Қозылар алғаш рет мамыр айының басында жайылымға шыққанда *M. expansa* түрімен зақымданған. *M. expansa* имагосы алғаш рет шілде айының басында, ал *M. benedeni* имагосы тамыз айының ортасында тіркелді.

Әр жастағы қойларды жарып сою барысында жаз айының басында мониезия құрттарын жетілмеген сатысы табылса, жаз айының соңында ересек гельминттер табылды.

Осыған орай шаруашлықта мониезиозбен қозылар интенсивті түрде зақымдалған деуге болады. Ересек қойлар бұл дертке көп шалдықпаған.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Ерболатов К.М. Мал гельминтоздары. – Алматы, Қайнар, 1984. – 57 б.
- 2 Шонов Б.М. Динамика гельминтофауны овец Бетпак-Далинского комплекса сезонных пастбищ и опыт борьбы с основными гельминтозами [Текст] : автореферат дис. ... канд. ветеринарных наук : 03.00.19 / Б. М. Шонов ; Алма-Атинский зооветеринарный институт. – 1973. – 23 с.
- 3 Батуков И.В. Влияние *monieziaexpansa* на регуляцию электролитного обмена в организме ягнят [Текст] : автореферат дис. ... канд. биол. наук : 03.00.19, 03.00.02 / И.В.Батуков; Московская ветеринарная академия им. К.И.Скрябина. – 1990. – 15 с.
- 4 Потемкина В.А. Мониезиозы жвачных животных – М: Колос, 1965. – С. 96.

РЕЗЮМЕ

В статье приведены данные о сроках заражения ягнят мониезиозом и результаты исследований, проведенных в племхозе ЗКАТУ им. Жангир хана Таскалинского района Западно-Казахстанской области.

RESUME

In this article were given data about the infection periods of lambs by moniezioz and results spent them research in Zhangir khan WKATU, Taskala area of West Kazakhstan region.